

Қазынашылық облигациялар	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
10-летние, США	4,22	-	17 -	7 -
10-летние, Казахстан	15,97	-	10	178
10-летние, Gilt	4,52	-	11 -	1 433 148 -
10-летние, Bund	2,68	-	4	6

Money market indices	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
SOFR	4,39	3	-1,0	8
EUORDEPO	1,88	0	0	-103
TONIA	15,54	124	2	124
TWINA	15,56	78 -	6	78
SWAP-1D (USD)	10,30	-	113 -	39
SWAP-2D (USD)	10,63	-	84 -	9


Credit spreads (OAS)	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
US HY (LF98TRUU Index)	330,16	2 562	1 778	2 987
US IG (LUACTRUU Index)	81,62	475 -	127	118
EM HY (BEBGTRUU Index)	391,93	1 485 -	466	74
EM IG (I04276US Index)	101,25	815 -	99 -	326

Өткен аптадағы МБҚ орналастырылуы						
ISIN	Тикер	Күні	Шығарылым көлемі, млн тг	Кірістілік, %	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZKD00001145	MUM072_0013	28.07.2025	121 857	17,01%	10,40	651 (2)
KZKF00000012	MTC048_0001	28.07.2025	29 000	17,00%	0,98	1 442 (4)


Алдағы МҚБ орналастырулары						
ISIN	Тикер	Күні	Жарияланған көлем, млн тг	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)	
KZK200000760	MOM048_0056	05.08.2025	60 000	-	-	
KZKD00001285	MUM084_0020	05.08.2025	50 000	14,60	2 371 (6,6)	
KZK100000423	MKM012_0161	05.08.2025	30 000	-	283	

Негізгі мөлшерлемелер				
Ел / аймақ	Негізгі мөлшерлеме	Шешім қабылданған күн	Келесі отырыс күні	
АҚШ	4,50%	30.07.2025	17.09.2025	
ЕОБ	2,15%	24.07.2025	11.09.2025	
Қазақстан	16,50%	11.07.2025	29.08.2025	

МБҚ бойынша SPOT қисығы



US Treasury Yield Curve



Кірістілік пен спредтердегі өзгерістер



Fixed income

US Treasuries. Өткен апта қорытындысы бойынша АҚШ-тың қазынашылық облигацияларының кірістілігі төмендеу үрдісін көрсетті. Бұл динамика макроэкономикалық деректер легіне, Федералды резерв жүйесінің риторикасына және саяси оқиғаларға байланысты қалыптасты. Апта басында облигация кірістілігі өсе бастады — инвесторлар маңызды макродеректер жарияланатын аптаға және жаңа баж салығынан туындаған инфляциялық қысымның күшеюіне дайындала бастады. Алайда сейсенбі күні кірістілік төмендей бастады, өйткені нарықтар ФРЖ-ның отырысы мен Джером Пауэллдің мәлімдемесі қарсаңында сақтық режиміне көшті. Сәрсенбіде ФРЖ мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырған соң және қыркүйекте саясатты жұмсарту туралы әлсіз сигналдар бергеннен кейін кірістілік қайта өсті — бұл ставканың тез төмендеуіне қатысты үміттердің суынғанын көрсетті. Бейсенбіде ұзақ мерзімді қағаздардың кірістілігі төмендеді — инвесторлар жұмадағы еңбек нарығы бойынша есеп алдында сақтық танытты. Ал жұма күні әлсіз еңбек нарығы деректері мен АҚШ ФРЖ мүшесі Адриана Куглердің мерзімінен бұрын отставкаға кететіні туралы хабар кірістіліктің күрт құлауына себеп болды. Бұл оқиға президент Дональд Трамптың қысымы аясында Орталық банктің тәуелсіздігіне қатысты алаңдаушылықты күшейтті.

Корпоративтік облигациялар. Өткен аптада корпоративтік облигациялар нарығында кредиттік спредтердің кеңеюі байқалды — бұл үрдіс АҚШ-та да, дамушы нарықтарда да негізгі сегменттер бойынша жүрді. Ең елеулі кеңею АҚШ-тың жоғары табысты облигациялары (US HY) мен дамушы елдердің жоғары табысты облигациялары (EM HY) сегменттерінде тіркелді. Спредтердің ұлғаюы АҚШ қазынашылық облигацияларының кірістілігінің төмендеуі аясында орын алды. Бұл нарықтық динамика жағандық экономикалық өсімге қатысты белгісіздіктің артуын бейнеледі. Осындай жағдайда инвесторлар сақтық танытып, жоғары табысты активтерге деген қызығушылығын азайтты, бұл тәуекелге бейімділіктің төмендегенін көрсетеді.

МБҚ нарығы. Өткен аптада Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 151 млрд теңге сомасына мемлекеттік бағалы қағаздардың 2 шығарылымын орналастырды. Барлық орналастырулар бойынша жоспарланған көлемдер іс жүзінде толық орындалды. Негізгі сатып алушылар басқа институционалдық инвесторлар болды — соңғы орналастырулар бойынша олардың үлесі орта есеппен 74%-ды құрады. Алдағы аптада Қаржы министрлігі жалпы сомасы 140 млрд теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша 3 аукцион өткізуді жоспарлап отыр.

Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Қор индекстері	Мәні, теңге	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
АҚШ			
S&P 500	6 238,01	-2,36%	5,0%
NASDAQ	20 650,13	-2,17%	5,2%
DJIA	43 588,58	-2,92%	2,8%
CBOE Volatility Index (VIX)	20,38	36,50%	26,3%
Еуропа			
FTSE 100	9 068,58	-0,57%	10,3%
DAX	2 003,53	-3,14%	18,2%
Азия			
Hang Seng	24 507,81	-3,47%	24,0%
Nikkei 225	40 799,60	-1,58%	3,8%
Shanghai SE	3 559,95	-0,94%	10,9%
Қазақстан			
KASE	6 390,90	-1,12%	12,5%

Валюта	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	542,44	-0,38%	3,4%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	10,86	-0,10%	-25,1%
EUR/USD	1,16	-1,33%	12,4%

Тауар-шикізат нарықтары	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Brent (USD/BBL)	69,7	1,80%	-8,9%
WTI (USD/BBL)	67,3	3,33%	-9,0%
Золото (USD/OZS)	3 347,7	0,41%	26,6%

Әлемдік қор нарықтары

АҚШ-тың қор нарығы аптаны төмендеумен аяқтады. S&P 500 индексі 2,36%-ға төмендеп, 6 238,01 тармаққа дейін түсті; Nasdaq Composite 2,17%-ға құлдырап, 20 650,13 тармақты құрады; ал өнеркәсіптік Dow Jones 2,92%-ға төмендеп, 43 588,58 деңгейінде жабылды.

Өткен аптада АҚШ қор нарығы жоғары құбылмалылықпен сипатталды, бұған ақпараттық оқиғаларға қанық орта себеп болды. Аптаның басында АҚШ пен Еуропалық одақ арасында күтпеген ірі сауда келісімінің жасалуы нарықтарға оң серпін берді. Тараптар еуропалық тауарларға бірыңғай 15%-дық тариф енгізуге келісті — бұл бастапқы күтілген 30%-дан әлдеқайда жұмсақ болып шықты және сауда шиеленісінің ұшығын болдырмауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ЕО АҚШ-тан энергетикалық ресурстар сатып алуды ұлғайтуға және америкалық экономикаға шамамен 600 миллиард доллар инвестиция салуға міндеттеме алды. Бұл Ақ үй үшін дипломатиялық жеңіс ретінде бағаланды.

Аптаның ортасында инвесторлардың назары Стокгольмде өткен АҚШ пен Қытай арасындағы сауда келіссөздеріне ауысты. Айтарлықтай ілгерілеу болмағанымен, тараптар диалогтың конструктивті түрде өткенін атап өтті, ал АҚШ делегациясы қолданыстағы уақытша сауда бітімінің узартылуы мүмкін екенін меңзеді. Алайда, белгісіздіктің сақталуы, әсіресе Трамптың Үндістанға қатысты қатаң мәлімдемелері жағдайында, нарықтарда шамалы түзетулерге алып келді. Бұл үрдісті UnitedHealth пен Boeing сынды ірі компаниялардың әлсіз есептері де күшейтті.



Апта ішіндегі басты оқиға – Федералды резерв жүйесінің отырысы болды. ФРЖ пайыздық мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырды, бірақ мәлімдемедегі формулировканы өзгертіп, экономикалық белсенділіктің баяулауын атап өтті. Төраға Джером Пауэллдің пікірлері Федтің алдағы уақытта ақша-несие саясатын жеңілдету туралы шешім қабылдауда байыпты әрі күту режимінде болатынын көрсетті. Бұл мәлімдеме қыркүйекте мөлшерлеменің төмендеуі туралы нақты сигналдар күтетін нарық қатысушыларын біраз көңілсіз қалдырды.

Аптаның соңында нарыққа жағымсыз макроэкономикалық деректер әсер етті. Шілде айындағы жұмыспен қамту көрсеткіштері — бар болғаны 73 мың жаңа жұмыс орнының ашылуы және жұмыссыздық деңгейінің 4,2%-ға дейін өсуі — экономикалық өсімнің баяулауына қатысты алаңдаушылықты арттырды. Бұған қоса, ФРЖ Басқарушылар кеңесінің мүшесі Адриана Куглердің күтпеген отставкасы да қосылып, президент Дональд Трамп тарапынан орталық банкке саяси қысым болуы мүмкін деген қауіптерді күшейтті. Осы жағдайлардың нәтижесінде қор индекстері айтарлықтай құлдырап, аптаны теріс аймақта аяқтады.

Мұнай

Өткен аптада Brent маркалы мұнай бағасы 1,8%-ға өсіп, барреліне \$69,67 деңгейіне жетті. Америкалық WTI мұнайы да 3,3%-ға қымбаттап, \$67,33 құрады. Өткен аптада мұнай нарығы жоғары құбылмалылықпен ерекшеленді. Бұған АҚШ президенті Дональд Трамптың қатаң геосаяси мәлімдемелері мен тұрақсыз іргелі деректер себеп болды. Аптаның басында мұнай бағасының өсуіне АҚШ пен Еуропалық одақ арасында жасалған сауда келісімі түрткі болды — бұл жаһандық сұранысқа қатысты алаңдаушылықты азайтты. Қосымша оң фактор ретінде Ақ үйдің Ресейге қатысты ұстанымының күрт қатаюы болды: Трамп Мәскеумен бейбіт келісім жасау мерзімін 50 күннен 10–12 күнге дейін қысқартып, ресейлік мұнайды сатып алушыларға 100% тариф енгізеді деп сес көрсетті. Бұл мәлімдемелер нарықта қысқа мерзімді серпіліс туғызды, алайда кейіннен бағалар шарықтау шегінен шегінді.

Аптаның екінші жартысында бағаға қысым артты: Трамп Үндістанға ресейлік энергетикалық ресурстарды сатып алғаны үшін 25%-дық тарифтер салатынын айтты, сондай-ақ Иран ядролық бағдарламасын жалғастырса, соққы жасалуы мүмкін екенін ескертті. Сонымен қатар, АҚШ Энергетика министрлігінің деректері өткен аптада коммерциялық мұнай қорының 7,7 млн баррельге артқанын көрсетті — бұл да нарыққа теріс әсер етті. Алайда бензин қорларының қысқаруы және жазғы маусымдағы жоғары сұраныс бұл жағымсыз әсерді ішінара жұмсартты. Жалпы, апта бойы мұнай нарығы геосаяси тәуекелдер мен тұрақсыз макроэкономикалық көрсеткіштердің ықпалында болды.



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ “Сентрас Секьюритиз” -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ “Сентрас Секьюритиз” тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты “Сентрас Секьюритиз”-тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ “Сентрас Секьюритиз”, оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ “Сентрас Секьюритиз”-тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.